# Рахмет саған, Отаным

Сөзі: А. Қожаұлы
Әні: М. Жаманқұлова
Нотаға түсіріп өңдеген Г. Красильников

Көңілді






Сен сыйладың таң нұрын,
Күннің күміс шапағын,
Еркін күнім тағдырым,
Рахмет саған Отаным!
Көз жетпейтін алысқа,
Жетіп жатыр атағың
Ұшты қазақ ғарышқа,
Рахмет саған, Отаным!

Жауқазындай құлпырған,
Келеді өсіп қатарым.
Жақсылыққа ұмтылған,
Рахмет саған, Отаным!
Жүрегімде сен барда,
Таусылмайды сапарым.
Енді түстік кең жолға,
Рахмет саған, Отаным!

Өзің үшін буғам бел,
Шарықтасын шат әнім.
Рахмет саған туған ел,
Айналайын Отаным!